

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

«Бекітемін»  
Тілдер және менеджмент факультетінің деканы  
Раманова А.А.



Филология, мәдениет және оқыту әдістемесі кафедрасы

### ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

7M01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті»

Окуга түскен жылы: 2023 жыл

Филология, мәдениет және оқыту әдістемесі кафедрасының отырысында талқыланып және бекітуге ұсынылды

Кафедра отырысы № 8 хаттама « 24 » 03 2023

Факультет кеңеси № 8 хаттама « 30 » 03 2023

Кафедра менгерушісі:



Бекмашева А.Н.

Төмендегі жұмыс берушілермен келісілді:

М.Әтемісов атындағы БҚУ Филология факультетінің деканы  
(лауазымы, үйим атауы)



Акбулатов Айдарбек Ахметович  
(аты-жөні)

МО

Орал гуманитарлық колледжінің директоры  
(лауазымы, үйим атауы)



Габдуллина Зухра Мендибаевна  
(аты-жөні)

МО

Орал қаласындағы ФМБ НЗМ директоры  
(лауазымы, үйим атауы)

Айтпукешев Айдарбек Толепович  
(аты-жөні)

МО

Эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназияның директоры



Кайыржанова Алия Зулкарнайовна  
(аты-жөні)

МО

№	Пәннің циклі	Пәннің атауы	Кредит саны	Шамаланған семестр	Аннотация	Пререк визиттер	Пострек визиттер
1	БП,ТП	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	5	2	<p><b>Менгеру мақсаты</b> – ғылыми-зерттеу жұмысының жаңа әдіснамалдық әдіс-тәсілдерді менгерту. Жоғары деңгейдегі ғылыми-зерттеу жұмысын жаза білуге дағдыландыру. Ғылыми-зерттеу жұмысында осы заманғы ақпараттық технология мен компьютерлік техниканы пайдалана білуге үйрету. Тіл білімі ғылымының теориялық және әдіснамалық негіздерін терең менгерту. Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін, бағыттарын дұрыс айқындалап, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану жолдарын айқындалап көрсету.</p> <p><b>Қысқаша мазмұны:</b> ғылыми зерттеу жұмысы, оған қойылатын талаптар, зерттеу жұмысын неден бастап, неден аяқтау керектігі туралы түсіндіріледі. Ғылыми зерттеу жұмысының маңыздылығы айтылады. Ғылыми-зерттеу жұмысын жазу барысында библиографиялық көрсеткішті дұрыс пайдалана білу, картотекамен жұмыс жасай білу, тілдік материалды жинау, ғылыми тұрғыдан өзіндік көзқарас түжірлемін айта білу сияқты мәселелерді ізденуші бойына қалыптастырады. Зерттеу жұмысын сауатты орындау үшін қажетті кеңестер беріледі.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> ғылыми зерттеу жұмысы, оған қойылатын талаптар, зерттеу жұмысын неден бастап, неден аяқтау керектігі туралы білімі болады.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> Ғылыми-зерттеу жұмысын жазу барысында библиографиялық көрсеткішті дұрыс пайдалана біледі, картотекамен жұмыс</p>	Жалпы тіл білімі	Магистрлік диссертация

						жасай біледі, тілдік материалды жинап, ғылыми тұрғыдан өзіндік көзқарас тұжырымын айта біледі. <b>Дағдылар:</b> ғылыми-зерттеу жұмысымен айналыса білу дағдысы. <b>Құзіреттілік:</b> жоғары деңгейде ғылыми-зерттеу жұмысын жаза біледі.		
2	БП, ТК	Әдебиет дәүірлеудің негіздері	тарихын теориялық	5	2	<p><b>Меңгеру мақсаты:</b> әдебиет тарихын дәүірлеу туралы әдебиеттану ғылымындағы ғылыми бағалаулардың жүйесін саралап таныту. Осы мақсатты орындау үшін әдебиеттану ғылымындағы ең басты екі тарауы әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы кисындарының тұтаса қолданылу ерекшеліктерін жүйелеп тану міндеті көзделеді.</p> <p><b>Қысқаша мазмұны:</b> әдебиет тарихын құрайтын жеке ұлттардың сөз өнері мұраларының пайда болуын, қалыптасу жолдарын қарастырудың теориялық байыптаулардан қағидалардан құралатын өзіндік негіздері бар. Сөз өнері тарихын дәүірлеудің теориялық негіздерін құрайтын әдебиеттану ғылымының өзара сабактас салалары (негізгі тараулары; әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сынны; жанама тараулар: мәтінтану, текстология, тарихнама, библиография) жүйесінің қалыптасуы, дамуы, негізгі ерекшеліктері қамтылады.</p> <p><b>Күтілетін інтижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> сөз өнерін тарихын дәүірлерудің теориялық негіздерін құрайтын әдебиеттану ғылымының өзара сабактас салаларымен таныс болады.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> әдебиет тарихын құрайтын жеке ұлттардың сөз өнері мұраларының пайда болуын, қалыптасу жолдарын қарастырудың негізгі жолдарын игереді.</p>	Әдебиеттану негіздері	Зерттеу практикасы

					<p><b>Дағдылар:</b> хронологиялық даму көрсеткішті жатқа білу дағдысы.</p> <p><b>Күзіреттілік:</b> күрделі ғылыми мақсат пен міндетті орындауда магистрантарға әлемдік жеке ұлттық әдеби үрдіс туралы байыптаулардың тарихи-мәдени занылыштарна байланысты талдаулар ұсынылады.</p>	
3	БП, ТК	Көркем мәтін теориясы	5	1	<p><b>Менгеру мақсаты:</b> көркем шығарманың идеялық-композициялық күретамырын белгілең, тілдік-композициялық элементтерін идеялық-эстетикалық түрғыдан біртұтас етіп ұйымдастыратын, баяндаудың әр түрлі құрылымдық түлғалары мен түрлерін, олардың бір-бірімен байланысын, қарым-қатынасын түсіндіру.</p> <p><b>Қыскаша мазмұны:</b> Көркем мәтін теориясы тілдік құралдардың ерекше салада ерекше жайдайдағы қолданысын: көркем шығармада өнер тудырушы, өнер құбылысын ретінде қолданысын, яғни көркем шығармадағы өмірін қарастырады. Көркем мәтін тілінде әр жазушының стильдік даралығы, өзге де қайталанбас сез қолданысы бейнелейді. Осы жағдайларға байланысты көркем сез стильдерге қарағанда өзіндік ерекшелігі болады.</p> <p><b>Күтілетін інтижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> мәтін құралдардың әдебиет туындыларында өнердің эстетикалық табиғатына сәйкес өзгерту, көркем-бейнелеу құбылысқа айналу занылыштарын зерттейтін ғылыми сала туралы білімі болады.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> мәтін құруши құралдарды пайдалану контекстің стильдік реніне байланысты болатындығы жөнінде түсіне отырып, стильдік қателерді болдырмауға үйренеді.</p> <p><b>Дағдылар:</b> сейлеу мәдениеті қалыптасады.</p>	Казак тілінің стилистикасы

					<p>Құзіреттілік: көркем мәтін тілінде әр жазушының стильдік даралығы, өзге де қайталаңбас сөз қолданысы бейнелетіндігін біледі.</p>		
4	БП,ТК	Текстология	5	1	<p><b>Менгеру мақсаты:</b> лингвистиканың математикағынымен байланысты түсіндіру. Қазақ тіл біліміндегі текстология мәселесін зерттелу жайын сөз ету. Фалымдар (Қ.Бекботаев, А.Жұбанов, Қ.Молдабеков т.б.) еңбектеріне шолу жаасау.</p> <p><b>Қысқаша мазмұны:</b> Текстология – мәтін кұрылышын, ондағы болып жатқан құбылыстарды есен-санак тұргыстарнан қарастырып, одан алынатын сандық көрсеткіштерге сапалық талдау жасайтын, соның негізінде қажетті өз шешімдері мен болжамдары қабылдайтын ғылым. Текстологияның алғашқы материалдары болып тілдік текст, оның грамматикалық бірлікті алынады. Зерттеу нәтижесінде алынған маліметтер негізінде қаралынып отырған текстің өзіндік ерешеліктері сипатталады, оның тілдік кұрылымы жөнінде корытындылар, болжамдар жасалады. Текстология – тіл кұрылышын, оның кұрылымдары мен даму процесстерінің занылыштарын статистикалық деректер негізінде қарастыратын тіл білімінің жаңа тармагы.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> тілдегі құбылыстардың математикағының сандық занылыштарына сүйене отырып текстологиялық әдістермен қарастырылатын тіл білімінің саласы туралы білімі болады.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> қазақ тілінің жалпы жүйесінде сандық және сапалық жағынан сөздер мен мәтіндердің функциялық сипатын</p>	Қазақ тілі стилистикасы	

						<p>анықтауға байланысты болжамдар жасай білуге үйренеді.</p> <p><b>Дағдылар:</b> тілдік мәтін, оның грамматикалық бірліктеріне есеп-санак жұмыстарын жүргізе білуге магистранттарды дагдыландыру.</p> <p><b>Құзіреттілік:</b> мәтіннің лингвистикалық тұлғасына сандық сипаттамалар жасай алады, жалпы табиғи сипаттын зерттей біледі.</p>	
5	БП,ТК	Жұбановтану	5	2		<p><b>Менгеру мақсаты:</b> Жұбановтану қазақ тілі тарихында маңызды орын алатын тілші ғалымдарымыздың бірі Кұдайберген Жұбановтың зерттеу енбектері туралы мәлімет берे отырып, тіл білімі ғылымының қол жеткізген бүгінгі табыстары негізінде студенттерге барынша толық нақты білім беру.</p> <p><b>Қысқаша мазмұны:</b> Әр жылдары жарық көрген, тіл тарихы мен процесінде айрықша орны бар зерттеулер мен көрнекті қаламгерлердің өмірбаяны, шығармашылық ізденістерін, ол туралы іргелі зерттеулер мен енбектерді барынша толық қамту болып табылады.</p> <p><b>Күтілетін иәтижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> Кұдайберген Жұбановтың енбектерін, зерттеуші енбектерінің қазіргі қазак тіл біліміндегі маңызы. Кұдайберген Жұбанов – қазак тіл білімінің негізін қалаушы. Тіл білімі салалары бойынша пайымдаулары.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> Курстың ерекшелігі мен студент құрамының біліктілігі мен біліміне сәйкес оқыту әдістері мен әдістемелік куралдарды сабак үрдісінде тақырыптық негізгі белгілерге байланысты іскерлік пен дағды қалыптастыру бағытында пайдаланылады.</p> <p><b>Дағдылар:</b> оқу дағдысы, жазу дағдысы, іскерлік дағды.</p>	Зерттеу практикасы

					<b>Құзыреттілік:</b> ғылыми ойларды, концепциялар мен шығармашылық күрастыруларды сини талдай алудан, теориялық білікті дербес тәжірибелік жұмысында пайдалана алуы керек.		
6	БП,ТП	1960 жылдардағы қазақ әдебиеті	5	2	<p><b>Менгеру мақсаты:</b> қазақ әдебиетінің тарихындағы манызды да күрделі кезең болып табылатын XX ғасырдағы және XXI ғасыр басындағы әдеби процесс пен әдебиет тарихы туралы хронологиялық ұстанымды сақтай отырып, әдебиеттану ғылымының кол жеткізген бүгінгі табыстары негізінде студенттерге барынша толық, тиянақты білім беру. Студенттерге әр шығарманы көркемдік-идеялық жағынан талдау барысында танылады, әр ақын-жазушының қазақ әдебиетінен алғын орны, қаламгерлік бағыты, көркемдік әдісі айқындалады.</p> <p><b>Қыскаша мазмұны:</b> Білім: 1960 жылдардағы қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерімен танысады.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы жана бағыттарының өзекті мәселелерімен танысады.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> жоғары оку орнына алған әдеби – теориялық ұғым – білімдерін тереңдете түседі.</p> <p><b>Дағдылар:</b> әдеби теориялық талдау жұмыстарын жүргізе білу дағдысы.</p> <p><b>Құзіреттілік:</b> зерттеу тақырыбын дұрыс тандауларына ықпал ету, ғылыми ізденістерге бағыттау.</p>	Зерттеу практикасы	
7	КП, ЖООК	Тілдің тарихын дәүірлеудің теориялық негіздері	5	1	<b>Менгеру мақсаты:</b> Пәннің мақсаты қазақ тілінің тарихын, даму, кемелдену, қалыптасу тарихын кешенді түрде менгерту. Тіл тарихында ішкі, сыртқы факторлар негізінде пайда болған езгерістер сырын тілдік зандылықтар негізінде	Тіл біліміне кіріспе	Абай поэзиясының тілі Лингвистикалық терминология

түсіндіре алу, өзгерістерге себеп болған тілдің даму кезеңдерін ажыратса алу, тіл тарихындағы өзгерістер морфологиялық, фонетикалық, грамматикалық, семантикалық өзгерістерді сараласу, кеңе тіл мен жаңа тіл арасындағы генетикалық байланысты ашып, айқындау дағдысын қалыптастырады.

**Қысқаша мазмұны:** Әлемдік тіл білімінің қалыптасу және даму жолы бағдарланып, әсіреле қазақ тіл білімінің тарихи жолы, қазіргі ғылымдағы орны барынша түсіндірілетін болады. Әрі тарихи, әрі сипаттама әдіске сүйене отырып, қазақ тілінің шығу тегін, түркі тілдерімен бірге өткерген жолын негіздейді. Ең бастысы, теориялық негізге шумерология мен түркология мәселелері алынатын болады. Сондыктан бұл пәнге түркі тілдерімен жақындығы бар кеңе шумер тілінің сипаты, кеңе түркі тілінің шумерлік сипаты, қазақ тіліндегі кеңе түркілік элементтер, орта ғасырдағы халық тілі болып қалыптасуы жайындаға енбектер теориялық негіз етіп алынады.

**Күтілетін нағиженелер:**

**Білім:** әлем тілдерінің құрылышы, әлеуметтік функциясы және тарихи дамуы, адамзатын табиғи тілі, оның жалпы зандылықтары, қолданылуы және адам қоғамын зерттейтін гуманитарлық ғылым туралы білімі болады.

**Іскерліктер:** Тіл білімі тарихы зандылықтарын зерттеп, олардың сырын аша білуге үмтүлады.

**Дағдылар:** тілдің даму тарихын хронологиялық кесте бойынша көрсете біледі.

**Құзіреттілік:** тіл білімі саласындағы көрнекті ғалымдар жөніндегі ақпараттарымен толық таныс болады.

8	КП,ЖО ОК	Абай поэзиясының тілі	4	3	<p><b>Менгеру мақсаты:</b> Рухани дағдарысқа үшіншілік қазақ қоғамын Абай ілімімен, болашак үрпақтың жадына Абай шығармашылығын сінірумен жастардың дүниетанымы мен жан дүниесіне әсер етіп, ұлтжандылық пен адамгершілікке баулу және ғұлама ойларын жаңына тоқыған толыққанды, адамзатты сүйетін, ізгілікті, толерантты азаматтарды қалыптастыру, Абай поэзиясының ерекшеліктерін талдау.</p> <p><b>Қысқаша мазмұны:</b> Абай поэзиясы туралы туралы мәлімет бере отырып, өлеңдеріндегі поэтикалық ерекшеліктерге тоқтала отырып студенттерге барынша толық нақты білім беру.</p> <p><b>Күтілетін інтижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> Абай еңбектерін білуі және өлеңдерін талдай алуы</p> <p><b>Іскерліктер:</b> Курстың ерекшелігі мен студент құрамының біліктілігі мен біліміне сәйкес оқыту әдістері мен әдістемелік күралдарды сабак үрдісінде тақырыптық негізгі белгілерге байланысты іскерлік пен дағды қалыптастыру бағытында пайдаланылады.</p> <p><b>Дағдылар:</b> оку дағдысы, жазу дағдысы, іскерлік дағды.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Ғылыми ойларды, концепциялар мен шығармашылық құрастыруларды сынни талдай алушан, теориялық білікті дербес тәжірибелік жұмысында пайдалана алуы керек.</p>	Tіл тарихын дәүірлеудің теориялық негіздері	Зерттеу практикасы
9	КП,ТП	Зерттеу практикасы	10	4	Өзекті ғылыми мәселені зерттеуде тәжірибе жинақтау, оку процесінде алған кәсіби білімдерін кенейту және өз бетімен ғылыми жұмысты жүргізуін практикалық дағдыларын дамыту. Практика экономикалық білімдерді зерттеу, талдау және қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.		

10	КП,ТК	Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары	5	2	<p><b>Менгеру маңсаты – қазақстандық жоғары мектептердің алдына қойылған манызды міндеттерінің бірі – жоғары басқыш болып саналатын магистратураның оку процесін жүйелі, дұрыс арнага түсіру.</b> Білім берудің қазіргі талаптарын тірек ете отырып, жоғары мектепте магистранттарға қазақ тілін жоғары оку орындарында оқытудың өзіндік заңдылықтарын көң түрде таныту бағыты ұсталынады.</p> <p><b>Қысқаша мазмұны:</b> жоғары мектеп оқытушылары білім беруші ғана емес, ғылыми-зерттеу жұмысын үйімдастыруши, сонымен бірге езі де ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысушы болып табылады. Магистранттарға осы салаға қатысты білім беріледі. Ол үшін оларға оқыту процесі мен ғылыми-зерттеу жұмысын нетижелі үйімдастырудың әдіс-тәсілдерін менгеру ұсынылады.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> Қазақстандық жоғары мектептердің алдына қойылған манызды міндеттерімен таныстырады.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> оқыту процесі мен ғылыми-зерттеу жұмысын нетижелі үйімдастырудың әдіс-тәсілдерін менгереді.</p> <p><b>Дағдылар:</b> оқыту әдістемесінің негізгі дағдыларын қалыптастырады.</p> <p><b>Құзіреттілік:</b> Қазақ тілі мен әдебиеті білім бағдарламасын бітіретін факультеттің оку жоспарындағы қазақ тілі пәнінің жүйесін оқытудың әдістемесін менгертуде теория мен практиканың тығыз байланыстылылығы, ғылымилық, саналылық-дидактикалық принциптерін басшылыққа алады.</p>	<p>Казақ тілін оқыту әдістемесі, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жана технологиялары</p>	<p>Педагогикалық практика</p>
----	-------	--	---	---	---	--	-------------------------------

11	КП,ТК	Жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқытудың инновациялық технологиялары	5	2	<p><b>Менгеру мақсаты</b> – қазақстандық жоғары мектептердің алдына қойылған маңызды міндеттерінің бірі – жоғары басқыш болып саналатын магистратураның оку процесін жүйелі, дұрыс арнаға түсіру. Білім берудің қазіргі талаптарын тірек ете отырып, жоғары мектепте магистранттарға қазақ әдебиетін жоғары оку орындарында оқытудың өзіндік зандылықтарын кең түрде таныту бағыты ұсталынады.</p> <p><b>Қысқаша мазмұны:</b> жоғары мектеп оқытушылары білім беруші ғана емес, ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруши, сонымен бірге езі де ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысушы болып табылады. Магистранттарға осы салаға қатысты білім беріледі. Ол үшін оларға оқыту процесі мен ғылыми-зерттеу жұмысын нетижелі ұйымдастырудың әдістәсілдерін менгеру ұсынылады.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> Қазақстандық жоғары мектептердің алдына қойылған маңызды міндеттерімен таныстырады.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> оқыту процесі мен ғылыми-зерттеу жұмысын нәтижелі ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін менгереді.</p> <p><b>Дағдылар:</b> оқыту әдістемесінің негізгі дағдыларын қалыптастырады.</p> <p><b>Құзіреттілік:</b> Қазақ тілі мен әдебиеті білім бағдарламасын бітіретін факультеттің оку жоспарындағы қазақ әдебиеті пәнінің жүйесін оқытудың әдістемесін менгертуде теория мен практиканың тығыз байланыстырылышы, ғылымилық, саналылық-дидактикалық принциптерін басшылыққа алады.</p>	Қазақ тілін оқыту әдістемесі, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары	Педагогикалық практика
----	-------	--	---	---	--	---	------------------------

12	КП,ТК	Түркі тілдерінің тарихи лексикологиясы	5	2	<p><b>Менгеру мақсаты:</b> түркі тілдерінің тарихымен таныстыру; тілдің қазіргі жайы мен өткенінен хабар беру; тіл білімі тарихы саласындағы көрнекті ғалымдар жөніндегі ақпараттарымен таныстыру; тілдің даму тарихын кезең-кезенге беліп оқыту.</p> <p><b>Қысқаша мазмұны:</b> Курс барысында тілдің казіргі күйін, жағдайын, бұрынғы өткен тарихын зерттейді. Түркі тілдерінің тарихи лексикологиясы – адам баласының тілі жайындағы ғылым. Тіл – тіл білімінің зерттеу объектісі. Тіл қоғамдағы адамдардың өзара сейлесіп бірін-бірі түсінуіне мүмкіндік береді, олардың іс-әрекеттерінің барлық саласында қолданылады. Тіл сөздік құрам мен грамматиканың бірлігінен құралады. Тілдегі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық құбылыстар белгілі заңдылықтарға бағынады. Тілдің әр жағы тіл білімінің әр саласында қарастырылады.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> әлем тілдерінің құрылышы, әлеуметтік функциясы және тарихи дамуы, адамзатың табиги тілі, оның жалпы заңдылықтары, қолданылуы және адам қоғамын зерттейтін гуманитарлық ғылым туралы білімі болады.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> Тіл білімі тарихы заңдылықтарын зерттеп, олардың сырын аша білуге үмтүлады.</p> <p><b>Дағдылар:</b> тілдің даму тарихын хронологиялық кесте бойынша көрсете біледі.</p>	Tіл тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері	Лингвистикалық терминология Зерттеу практикасы
----	-------	--	---	---	--	---	--

					Күзіреттілік: тіл білімі саласындағы көрнекті ғалымдар жөніндегі ақпараттарымен толық таныс болады.		
13	КП,ТК	Қазақ әдебиеттануының жаңа бағыттары	5	2	<p>Менгеру мақсаты: жоғары филологиялық білімі бар магистранттарды мамандығына сәйкес қазақ әдебиеттану ғылымындағы жаңа бағыттар, бірақ жетімсіз қарастырылған арнайы, кеңірек әрі нақтылы таныстыру арқылы жоғары оку орнында алған әдеби-теориялық ұғым – білімдерін терендете тусу, сондай – ак сөз өнерінің құпия сырлары мен қырларын әнгімеледе арқылы оларды әдебиетке, ғылымға құштарландыру, зерттеу тақырыбын дұрыс талдауларына ықпал ету, ғылыми ізденістерге бағыттау.</p> <p><b>Қысқаша мазмұны:</b> пәннің оқытылу барысында магистранттар бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы жаңа бағыттарының өзекті мәселелерімен танысады, қарастырылып отырған тақырыпқа байланысты ретіне қарай мәселенің орыс әдебиеттану ғылымындағы жайкүйі де салыстырыла әнгіме етіледі. Әдебиеттің өзіндік ерекшелігі эстетикалық, көркемдік мәні, қоғамдық функциясы, туындыны талдау, бағалау жолдары туралы айттылады.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы жаңа бағыттарының өзекті мәселелерімен танысады.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> жоғары оку орнына алған әдеби-теориялық ұғым – білімдерін терендете түседі.</p> <p><b>Дағдылар:</b> әдеби теориялық талдау жұмыстарын жүргізе білу дағдысы.</p>	Әдебиеттану негіздері	Қазіргі қазақ әдебиетінің жанрлық ерекшеліктері Қазақ әдебиетіның өзекті мәселелері

						<b>Күзіреттілік:</b> зерттеу тақырыбын дұрыс тандауларына ықпал ету, ғылыми ізденістерге бағыттау.		
14	КП,ТК	Қыпшак типологиясы тілдерінің	5	2		<p><b>Менгеру мақсаты</b> – XIII ғасырда жасалған «Кодекс куманикус» ескерткішінің мәтініне толық талдау жасау. Қыпшактанудың тілге байланысты тұсын Н.Т.Сауранбаевтың көзқарасына сүйене отырып түсіндіру. Орта Азия мен оған шектес жатқан қыпшак тілдес түркі халықтарының аймақтық таралым өрісіне, қалыптасу тегіне қатысты мәліметтерімен таныстыру.</p> <p><b>Қысқаша мазмұны:</b> орта ғасыр қыпшактары мен қазіргі қыпшак тілдес халықтар туралы ілім. Жазба деректерде қыпшактар XIII ғасырдан бастап жеке бір халық есебінде аталады. Одан бүрын олар жалпы түркі тайпаларының бірі болып саналған және солардың тарихымен араласып бірге өмір сүрген. Жалпы шығыстану ғылымында қыпшактар (олардың тарихы мен тарихи ескерткіштері, этнографиясы, қоғамдық-әлеуметтік өмірі мен халықаралық қатынасы, тіл мен әдебиеті, діні т.б) туралы мәселелер өзекті болып табылады. Курс барысында қыпшак ескерткіштері – «Кодекс куманикус» туралы да кеңінен мәлімет беріледі. Қазіргі танда қыпшактану ғылымы дүниежүзілік түркітанудың бір тармағы ретінде аз алдына жеке сала ретінде қалыптасып отыр.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> магистранттарды қыпшак тілдес халықтардың жазуы, тарихы, діні мен ділі туралы мәліметтермен толық таныстырады.</p>	Tілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері	Лингвистикалық терминология Этнолингвистика Психолингвистика

						<p><b>Іскерліктер:</b> Қыпшақтануғының өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосқан түркітапшылардың зерттеу еңбектерінен мәлімет бере алады.</p> <p><b>Дағдылар:</b> Аталған курста қыпшақтардың тарихы сахнасындағы өзіндік өмір жолы ескерткіштер деректеріне сүйене отырып, талдау жұмыстарын жүргізе алады.</p> <p><b>Құзіреттілік:</b> Қыпшақтану – қыпшақ тілдерінде сөйлейтін (және бұрын сөйлеген) халықтардың тілдерін, тарихын, әдебиетін, фольклорын, мәдениеттің зерттейтін гуманитарлық пәндердің комплексі бойынша терең білімге ие болады.</p>	
15	КП,ТК	Драматургия поэтикасы	5	2	<p><b>Менгеру мақсаты:</b> драматургиялық шығарма құндылығынан эстетикалық әсерленуді қалыптастыруға қатысатын текстегі элементтерді айқындаپ және оны жүйелей білуді үйрету; драмалық әдістердің толық жүйелі репертуарын жасау. Драмалық шығармаларды талдау барысында барлық көркемдік күралдарын саралап, «дунние образы» және «автор образының» үйлесім-үндестігі яғни шығарма кұрылымындағы барлық жайды айқындаиды.</p> <p><b>Қыскаша мазмұны:</b> драматургия жанры тек пен түрдің, ағымдар мен бағыттардың, стильдер мен әдістердің ерекшеліктерін зерделейді, сондай –ақ көркемдік тұтастықтың әртүрлі деңгейнен ішкі байланыс заңдылықтарын және олардың әртүрлі арақатынасын зерттейді. Қазіргі драматургия тіліндегі көркемдік күралдардың қолдану ерекшелігі туралы айттылады. Образдық салада шығармадағы образдар, сюжеттер</p>	Әдебиеттану негіздері	Қазақ әдебиеті сыйнының өзекті мәселелері

16	КП,ТК	Әлеуметтік лингвистика	5	3	<p>карастырылады, Қазак драматургиясының поэтикалық жүйесін талдау барысында көркем шығарманы баяндап, табигатын ашумен айналысады, сол арқылы шығарманың эстеткілік ықпалды қасиетінің дара жүйесін, «моделін» жасайды.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер</b></p> <p><b>Білім:</b> драма стильдер мен әдістердің ерекшеліктерін зерделейді, сондай-ақ көркемдік тұтастықтың әртүрлі деңгейінің ішкі байланыс занылыштарын оқып-біледі.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> драмалық шығарма күндылығынан эстетикалық әсерленуді қалыптастыруға қатысатын текстегі элементтерді айқындал және оны жүйелей білудін үйренеді.</p> <p><b>Дағдылар:</b> драмалық шығармаларга талдау жасай білу дағдысы.</p> <p><b>Құзіреттілік:</b> қазақ драматургиясының поэтикалық жүйесін талдау барысында көркем шығарманы баяндап, табигатын ашумен айналысады.</p> <p><b>Менгеру мақсаты:</b> магистранттарды лингвистиканың бір саласы әлеуметтік лингвистиканың зерттеу нысанымен, даму жайымен таныстыру. Курс барысында магистранттар лексикалық бірліктер мен тұрақты тіркестердің әлеуметтік қызметін зерттей білу дағдысын қалыптастырады және тілдік мтериалдармен жұмыс жасай білуге үйренді. Сонымен бірге тілдік бірліктерді лингвистикалық мақсатта дұрыс қолдана білу дағдысын игереді.</p> <p><b>Қысқаша мазмұны:</b> сөздің колданылуы занылыштары мен тілдің стильтік тармақтарын</p>		Қыпшақ тілдерінің типологиясы	Зерттеу практикасы

17	КП,ТК	Қазақ әдебиеті сынының өзекті мәселелері	5	3	<p>тіл білімінде зерттейтін саласы. Екінші жағынан – көп салалы, көп мағыналы стилистиканың бір саласы. Әлеуметтік лингвистика ез ішіндегі бөліктері хақында әлемдік тіл білімінде әр түрлі кезқарастар барышылық. Әсіресе, көркем әдебиет тілін бөлек қарастырып, оны әлеуметтік лингвистика мен әдебиеттану стилистиканың арасындағы саласа деушілер де болады. Сонымен, бұғынгі тандағы әлеуметтік лингвистиканың көшілік табан тіреген теориялық пікірлеріне сүйенсек, оның басты екі бағытын немесе екі түрін атауға болады. Олар тіл ресурстарының стилистикасы немесе тіл стилистикасы және функционалдық стилистика немесе қолданыс тілі стилистикасы ( стилистика речи )</p> <p><b>Күтілетін иетижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> стилистиканың бір саласы әлеуметтік лингвистиканың зерттеу нысанымен, даму жайымен танысады.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> тілдік материалдар жұмыс жасай білуге үйренеді.</p> <p><b>Дағдылар:</b> лексикалық бірліктер мен тұрақты тіркестердің стилистикалық қызметін зерттей білу дағдысы.</p> <p><b>Құзіреттілік:</b> тілдік бірліктерді стилистикалық мақсатта дұрыс қолдана біледі.</p>	<p>Драматургия поэтикасы Қазақ әдебиеттануының жана бағыттары</p>	<p>Зерттеу практикасы</p>

18	КП,ТК	Лингвистикалық терминология	5	3	<p>ак сөз өнерінің күнін сырлары мен қырларын әңгімелуе арқылы оларды әдебиетке, ғылымға құштарландыру, зерттеу тақырыбын дұрыс талдауларына ықпал ету, ғылыми ізденістерге бағыттау.</p> <p><b>Қысқаша мазмұны :</b> пәннің оқытылу барысында магистранттар бүгінгі қазақ әдебиеттану сыны ғылымының өзекті мәселелерімен танысады, қарастырылып отырган тақырыпқа байланысты ретіне қарай мәселенің орыс әдебиеттану сыны ғылымындағы жай-күйі де салыстырыла әңгіме етіледі. Әдеби сынның өзіндік ерекшелігі эстетикалық, көркемдік мәні, қоғамдық функциясы, туындыны талдау, бағалау жолдары туралы айтылады.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> бүгінгі қазақ әдебиеті сыны ғылымының өзекті мәселелерімен танысады.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> жоғары оку орнына алған әдеби – теориялық ұғым – білімдерін терендете түседі.</p> <p><b>Дағдылар:</b> әдеби-теориялық талдау жұмыстарын жүргізе білу дағдысы.</p> <p><b>Құзіреттілік:</b> зерттеу тақырыбын дұрыс тандауларына ықпал ету, ғылыми ізденістерге бағыттау.</p> <p><b>Менгеру мақсаты:</b> лингвистикалық сөз қолданыстың қазіргі күйін зерттеу; терминологияны іріктеп, оларды лингвистикалық терминдер сөздігінде беру; екі және көп тілді терминологиялық, ұлттық терминологиялық жүйені салыстыра беру. Сонымен қатар, қазіргі қазақ тіл біліміндегі термин сөздермен таныс болулары қажет.</p> <p><b>Қысқаша мазмұны:</b> Тіл білімі терминдері – лингвистикадан кейінгі екінші қатардағы тіл,</p>

						<p>басқаша айтканда метатілдің құрамдас бір белігі. Тіл білімі терминдері және кез-келген басқағылым салаларының terminологиясы – терминдердің қарапайым ізбегі емес, белгілі бір ғылыми көзқарасты, дүниетанымды білдіретін ұғымдар жүйесі. Тіл білімі терминдері terminологиялық жүйенің бір тармағы және терминдер катары үнемі жаңа терминдермен тоғызып отырады.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> тіл білімі саласындағы арнайы ұғымдар мен өзіне ғана тән объектілерді білдіру үшін жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтық атауы туралы білімі болады.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> курс барысында магистранттар термин ретіндегі ұғым табиғатын дәл бере алатын сөздер мен сөз тіркестерін іріктей білуі керек.</p> <p><b>Дағдылар:</b> terminологиялық сөздікпен жұмыс жасай білу дағдысы.</p> <p><b>Құзіреттілік:</b> лингвистикалық сөз қолданыстың қазіргі күйін зерттей біледі; terminологияны іріктеп, оларды лингвистикалық терминдер сөздігінде бере алады.</p>	
19	КП,ТК	Халық әдебиеті және әдеби шығарма	5	3	<p><b>Менгеру мақсаты:</b> Халық әдебиетінің маңызы, мақсаты мен шарттары. Қазақ халық ауыз әдебиеті мұраларын жинаудың ерекшеліктері. Фольклорды жинау тәсілдері.</p> <p><b>Қысқаша мазмұны:</b> Халық әдебиетін жариялаудың шарттары мен түрлері. XIX-XX ғасыр басында халық әдебиетін жариялау ісі. Кеңес өкіметі тұсындағы жариялаудың шарттары мен түрлері. Халық әдебиетін зерттеудің түрлері мен мақсат-багыттары.</p>	<p>Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері</p>	<p>Зерттеу практикасы</p>

					<p>Отарлау мақсатындағы зерттеулер. Оқу-агарту мақсаттағы енбектер. Ғылыми және ғылыми-көшілік зерттеулер.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> Халық ауыз әдебиеті ұлгілерін білу; халық ауыз әдебиеті түрлерін, жанрлық ерекшелігін ажыратада білу; халық ауыз әдебиеті ұлгілерінің мазмұнын айта білу.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> Халық әдебиеті ұлгілерін жинақтау.</p> <p><b>Дағдылар:</b> Халық ауыз әдебиеті ұлгілеріне әдеби талдау жасау.</p> <p><b>Құзіреттілік:</b> басқарушылық, зерттеушілік және білім беру құзыреттіліктері қалыптасады.</p>		
20	КП,ТК	Психолингвистика	5	3	<p><b>Менгеру мақсаты;</b> магистранттарға тіл білімінің психологиямен байланысты саласы туралы түсінік беру. Психолингвистика ғылымының зерттеу нысаны арқылы тілдің тек ойды ғана емес, адамның сезімін, жан дуниесін де білдіретіндігін үгіндиру. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі психолингвистика мәселелерінің зерттелу жайын қарастыру. Халық тілін игеру процесінің психологиялық қамтамасыз етілуі, сөлеу механизмі, сөзді айту және түсіндіру, ойлау және қарым-қатынас жасау мәселелерімен таныстыру.</p> <p><b>Қыскаша мазмұны:</b> Ол тіл білімінің психологиямен байланысын зерттейтін ғылым. Психологиялық құбылыстар сөйлеу процесіне тікелей қатысады. Адам ауызекі немесе жазба тіл арқылы қатынас жасағанда, белгілі бір үғымды білдірумен қатар, сол үғымға деген өзінің көзқарасын да қоса аңғартады. Демек, тіл ойды</p>	Психология	Зерттеу практикасы

				<p>ғана емес, сонымен қатар, сол үгымға деген езінің көзкарасын да қоса аңғартады. Демек, тіл ойды ғана емес, сонымен қатар адамның сезімін, жан дүниесін де білдіреді. Тіл біліміндегі психологиялық бағыттың негізін салушы – Г.Штейнталь.</p> <p>Қазақстандағы психолингвистиканың зерттелуі 60-жылдардан бастау алды. Бұл салада зерттеу жүргізіп жүрген қазак ғалымдары; М.Мұқанов, Н.Кұрманбаев, М.Қайырбаева т.б</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> сөйлеу әрекеті және оны комплексті модельдеу туралы ғылым жөнінде білімі болады.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> Психологиялық құбылыстарды (түйсік, қабылдау, сезім т.б) сөйлеу процесімен байланысын анықтау.</p> <p><b>Дағдылар:</b> тілге психологиялық түрғыдан сипаттама бере білу дағдысы.</p> <p><b>Құзіреттілік:</b> Айтылу мақсатына қарай хабарлы, лепті, бұйрықты, сұраулы болып келетін сөйлемдердің адам психологиясына, ішкі дүниесіне әр түрлі әсер ететіндігінен дәлелдей біледі.</p>		
21	КП, ТК	Қазақ әдебиеті теориясының тарихи негіздері		<p><b>Менгеру мақсаты:</b> қазақ әдебиеті теориясының тарихи мәселелері әдебиеттану ғылымындағы ғылыми бағалаулардың жүйесін саралап таныту. Осы мақсатты орындау үшін әдебиеттану ғылымындағы ең басты екі тарауы әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы кисындарының тұтаса қолданылу ерекшеліктерін жүйелеп тану міндеті көзделеді.</p> <p><b>Қысқаша мазмұны:</b> әдебиет теориясы тарихын құрайтын жеке ұлттардың сез енері мұраларының пайда болуын, қалыптасу</p>	Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері Қазақ әдебиеттануының жаңа бағыттары	Зерттеу практикасы

						<p>жолдарын қарастырудың теориялық байыптаулардан қағидалардан күралатын езіндік негіздері бар. Сөз өнері тарихын дәуірлеудің теориялық негіздерін құрайтын әдебиеттануғының өзара сабактас салалары (негізгі тараулары; әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сынны; жанама тараулар: мәтінтану, текстология, тарихнама, библиография) жүйесінің қалыптасуы, дамуы, негізгі ерекшеліктері қамтылады.</p> <p><b>Күтілетін нағызжелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> сөз өнерін тарихын дәуірлерудің теориялық негіздерін құрайтын әдебиеттануғының өзара сабактас салаларымен таныс болады.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> әдебиет тарихын құрайтын жеке ұлттардың сөз өнері мұраларының пайда болуын, қалыптасу жолдарын қарастырудың негізгі жолдарын игереді.</p> <p><b>Дағдылар:</b> хронологиялық даму көрсеткішті жатқа білу дағдысы.</p> <p><b>Құзіреттілік:</b> күрделі ғылыми мақсат пен міндетті орындауда магистранттарға әлемдік жеке ұлттық әдеби үрдіс туралы байыптаулардың тарихи-мәдени заңдылықтарна байланысты талдаулар ұсынылады.</p>		
22	КП, ТК	Этнолингвистика	4	3	<p><b>Менгеру мақсаты:</b> сан алуан бұлактардан (ауызекі жанды тілден, ауыз әдебиет үлгілерінен, лексикографиялық енбектерден, көркем шығарма жанрларынан, шежірелерінен) этнос болмысына қатысты фактілерді жинау, оларды саралап жүйеге салу, олардың мазмұнын айқындау, түсіндіру, қорыту, яғни оларды этностын өзі туралы «сейлете білу»</p>	<p>Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері</p>	<p>Зерттеу практикасы</p>	

**Қысқаша мазмұны:** этностық сандық болмасынан туындал, санасында сараланып, тарихи жадында сакталып, тіл арқылы гасырлар бойы қалыптасып, корланып, руханимәдени мұра ретінде атадан балаға ауысып келе жатқан дәстүрлі миравсты жаңғыртып, жанжақты зерттеп, танымдық мәнін ашып, болашақ үрпаққа ұсыну мақсатпен байланысты дүниеге келген тіл білімінің курделі де күнарлы саласы. Этнолингвистика – жалпы ғылымға тән дифференция процесінің тіл біліміндегі бір көріністі іспетті жіктелудің нәтижесінде пайда болған. Этнолингвистикага тән бір ерекшелік – оның тілдік объектілер мен фактілердегі жаппай емес, зерттеудің нақтылы мақсаты мен тақырыптарына қарай сұрыптаپ алыш, саралай қарастыруға, осы орайда ол тілдің ең басты, әрі негізгі тұлғасы жеке-дара сөздерді ғана емес, атау сипаттага жай тіркестер мен көркемдік бейнелік астары да ауыс мәғынага ие тұрақты тіркестерді де қарастырады,

**Күтілетін нәтижелер:**

**Білім:** тіл білімінің этнолингвистика саласы туралы мол білімі болы.

**Іскерліктер:** этнос болмысына қатысты фактілерді жинай біледі, оларды саралап жүйеге сала алады, олардың мазмұнын айқындал, түсіндіріп, қорытады.

**Дағдылар:** этнолингвистикалық талдаулар жүргізе білу дағдысы.

**Құзіреттілік:** тілдік объектілер мен фактілерді жаппай емес, зерттеудің нақтылы мақсаты мен тақырыптарына қарай сұрыптаپ алыш, саралай қарастыруға үйренеді.

23	КП, ТК	Қазіргі қазақ әдебиетінің жанрлық ерекшеліктері	4	3	<p><b>Менгеру</b> маңаты: Қазіргі қазақ әдебиетінің жанрлық ерекшеліктері. Қоғымдағы саяси-әлеуметтік жағдайдаң ықпалы жанрга әсері. Жанрлық және тақырыптық аясының кеңеюі (2000-2019). Қазіргі қазақ баспасөзінің дамуы. Қазақ айтыс өнерінің дамуы туралы.</p> <p><b>Қыскаша мазмұны:</b> Мұхтар Шаханов шығармашылығы. Кеншілік Мырзабеков дастандары. Жандарбек Әшімжан шығармашылығы. Ұлықбек Есдөulet, т.б. шығармашылығы. Қазіргі қазақ айтысы.</p> <p><b>Күтілетін інтижелер:</b></p> <p><b>Білім:</b> Қазіргі қазақ әдебиетіндегі ақын, жазушы шығармаларымен таныс болу; басылымдардағы қазақ әдебиеті туралы көтерілген мәселелерді білу.</p> <p><b>Іскерліктер:</b> Берілген шығармаларды талдай білу; ұсынылған шығармаларды жатка айту.</p> <p><b>Дағдылар:</b> тындалым дағдысын қалыптастыру; айтылым дағдысын қалыптастыру.</p> <p><b>Құзіреттілік:</b> қазіргі қазақ әдебиетінің маңызды тұлғаларын, ұғымдарын білу; қазіргі қазақ әдебиетін игеру барысында қалыптасатын кәсіби құзыреттілік.</p>	Қазақ әдебиеттануының жана бағыттары	Зерттеу практикасы
----	--------	---	---	---	---	--------------------------------------	--------------------